

Жуматаев Ринат Сериковичтің
6D020800 – Археология және этнология мамандығы бойынша
философия докторы (Ph.D.) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Қазақстанды ежелгі дәуірлер мен орта ғасырларда мекендеген
жұрттардың әдет-ғұрыптарындағы жылқы (Мәденигенездік аспект)»
атты тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызы археологиялық және этнографиялық деректер негізінде кешенді түрде талданады.

Тақырыптың өзектілігі. Өркениет тарихында адам қолымен үйретілген жануарлардың ішінен жылқыдан асқан - жасампаздық роль атқарғаны жоқ. Осы бір тамаша сұлу және күшті жануар алғашқы адамдардың негізгі серігі болып, тарихтың келесі белестерінде де ұмыт қалмай, басқа бір сапалық құндылықтарды иемденді. Бірнеше мыңжылдар бойы жылқы тасымалдаушы көлік ретінде ғана емес, көшпенділер үшін, қасиетті дүниелердің қатарында болды. Жылқы көшпенділердің тұрмыстық-экономикалық, саяси және әскери іс-шараларында маңызды орынға ие болып, түрлі культтық әрекеттерде, діни ғұрыптық салт-жораларда да пайдаланылған. Еуразия халықтарының дәстүрлі тұрмыстық өмірлерінде, ғұрыптық-мифологиялық таным жүйесінде жылқы ролі біртіндеп арта берді.

Жылқы культінің халық арасыда қолданысқа түсуінің ең ерте кезеңі ретінде Қазақстан территориясындағы Ботай және Терсек қоныстарында жүргізілген қазба жұмыстарынан біле аламыз. Сондай ақ, осы қоныстарға жүргізілген зерттеулерге назар аударып қарасақ, жылқымен байланысты ғұрыптар біртіндеп күш ала бастағаны, уақыт өткен сайын халық арасында жылқымен байланысты ғұрыптардың жиі қолданылғанын анық көре аламыз. Олардан кейінгі тайпалар тарих сахнасына атпен шықты, ат әрдайым олардың адал досы және киесі болды.

Соның көмегімен олар күнделікті тұрмыс қам-қаракетіндегі және жорықтардағы қандай да болмасын қиындықтарды жеңе алды. Материалдық әлем, рухани сфера, дәстүр, ғұрып, рәсім, дүниетаным, өнер сияқты дәстүрлі мәдениеттің сегменттері «жылқы» призмасы арқылы қарастырған кезде түсінікті әрі қонымды бол түседі. Бұл жерде жылқы ежелгі және ортағасырлық Қазақстан тұрғындарының мәдениетін түсінудегі өзіндік ерекше кілт қызметін атқарады.

Зерттеудің өзектілігі бір жағынан жылқы культі феноменінің жергілікті мәдениеттер сабақтастығы контекстінде жеткілікті зерттелмеуімен, отандық және шетелдік әдебиетте осы бір көп аспектілі құбылыстың түрлі қырларын толық ашып көрсететін кешенді қорытынды еңбектердің болмауымен, екінші жағынан – мұндай зерттеулердің жылқы культімен байланысты жергілікті дәстүрлердің шығу тегін, мәні мен тарихын түсіну үшін ғана емес, бірқатар

теориялық мәселелерді, соның ішінде осы құбылыстың әмбебаптығы және оның ғаламдық масштабта таралу мәселесін шешу үшін де маңызды екенімен байланысты.

Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық мәдениеттеріндегі жылқымен байланысты ғұрыптардың қалыптасуы мен дамуын қарастырудың маңыздылығы, өйткені бұл ғұрыптар одан кейінгі алғашқы дүниетанымдық жүйенің қалыптасуында жетекші рөл атқарып, өте терең мифологиялық түсініктердің қалыптасуына іргетас болған. Сондықтан да, қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарындағы жылқы бейнесінің қалыптасуы мен трансформациясының себептері мен механизмдерін қарастыру мүмкіндігі ерекше маңыздылық алады.

Одан бөлек, ежелгі және ортағасырлық мәдениеттердегі жылқы культімен байланысты әдет-ғұрыптарды қарастырудың өзектілігі, соңғы он жылдықтағы өзара байланысты ғылымдардың - археология, палеозоология, этнография, генетика және тағы басқаларының арқасында үлкен білім қорының жинақталуымен, соның нәтижесінде қарастырылып отырған кезеңдердің нақты әрі рельефті көрінісін анықтайтындығымен де астасады.

Сондықтан да, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тұрғындарының дүниетанымындағы жылқының орнын талдау халықтардың мәденигенез мәселесін шынайы бағалауға мүмкіндік береді. Атап өтетініміз, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының орны мұндай аймақтық және хронологиялық тұрғыда қарастырылмады.

Осы тұрғыдан келгенде Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарындағы жылқы ролін сабақтастық тұрғысынан зерттеу өзекті бола түседі.

Зерттеу жұмысының нысаны. Қазақстан жерінде ежелгі және ортағасырларда мекендеген жұрттардың материалдық және рухани мәдениетінің ескерткіштері біздің зерттеу нысанымыз болып табылады. Материалдық мәдениет ескерткіштері ұғымында біз жерлеу орындарын, қоныстарды, ғұрыптық кешендерді және тағы басқаларды, ал рухани мәдениет ескерткіштері ретінде аңыздарды, әдет-ғұрыптарды және тағы басқаларды түсінеміз.

Зерттеу пәніне Қазақстанның ежелгі дәуірлерден ортағасырларға дейінгі жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқы бейнесі жатады.

Диссертацияның мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық жұмыстың мақсаты Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқының маңызын тарихи-сабақтастық тұрғысынан қарастыру.

Айқындалған мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді шешу алдыға қойылды:

– Қазақстан мен іргелес өңірлердің ежелгі және ортағасырлық жұрттарының жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарымен байланысты мәселелер тарихнамасын тарихи кезеңдер тұрғысынан қарастыру;

– түркі-моңғол халықтарының дүниетанымындағы жылқы мәселесін сипаттау;

– жылқының толық немесе оның бөліктері кездесетін Қазақстандағы қола дәуірі ескерткіштерін анықтау;

– қола дәуіріндегі Қазақстанның петроглиф кешендеріндегі жылқы бейнесінің стилистикалық, рәсімдік және нышандық ерекшеліктерін талдау;

– жерлеу-еске алу ескерткіштерін сипаттау арқылы ерте темір дәуірі тайпаларындағы жылқымен байланысыт әдет-ғұрыптардың қалыптасуы мен дамуын көрсету;

– жазба деректер мен петроглифтердегі ерте темір дәуірінің жылқыға қатысты әдет-ғұрыптарын саралау;

– түркі тайпаларындағы жылқы культінің археологиялық деректердегі ерешелігін айқындау;

– жылқыға қатысты әдет-ғұрыптардың ортағасырлық жазба деректер мен этнографиядағы көрінісін сипаттау және өзара үйлесімін сараптау;

– хронологиялық тұрғыдан жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың типологиясын жасау;

– қазақ даласының ежелгі және ортағасырлық жұрттарының діни-мифологиялық кешеніндегі жылқы культін мәденигенез контекстінде сипаттау.

Диссертациялық жұмыстың территориялық ауқымы. Зерттеу жұмысының ауқымын толығымен Қазақстан аумағы қамтып, кейбір салыстырмалар үшін іргелес өңірлерде қарастырылады. Диссертациялық жұмыста қазақ даласының толығымен қамтылуы бірнеше факторлармен айқындалады. Біріншіден, елімізде ботай-терсек мәдениеттерінің ашылуы, соның негізінде қазақ даласы жылқыны қолға үйретудегі орталықтардың бірі болуы мүмкін деген пікірлердің қалыптасуымен анықталады. Екіншіден, қазақ даласын қола дәуірінде мекендеген жұрттардың түсініктерінде жылқы бейнесі түрлі рәсімдерде көрініс табады. Яғни, өңірде жылқыға әдет-ғұрыптардың белгілі бір жүйесі қалыптасады. Ерте темір дәуірі мен ортағасырлардағы халықтардың жосын-жоралғыларында жылқының маңызы жоғалмай, жаңаша түрленіп дамиды. Бір сөзбен айтқанда энеолит кезеңінен басталған жылқы культі тарихи тамырлаластығын үзбестен этнографиялық дәуірге дейін жетеді. Міне осы жайыттар зерттеу тақырыбының территориялық шеңберін осылай белгілеуге негіз болды.

Диссертациялық жұмыстың мерзімдемелік шеңбері. Диссертациялық жұмыста қарастырылып отырған тақырыптың мерзімдемелік шекарасы энеолиттен бастап кейінгі ортағасырлардың соңғы кезеңін қамтиды. Қалыптасқан археологиялық мәдениеттер бойынша айтар болсақ, энеолит мәдениеттерінен бастап қимақ-қыпшық уақыттарымен межеленеді.

Жұмыстың деректік кешені. Диссертациялық жұмыстың деректік кешенін негізінен келесідей екі түрге жіктеуге болады: заттай және жазба деректер.

Заттай деректердің негізін құрайтын археологиялық материалдардың өзін келесідей топтарға бөліп қарастыруға болады:

1. Қола дәуірінен орта ғасырларға дейінгі обалар мен қоршаулардан тұратын жерлеу кешендері. Қола дәуіріндегі жылқы немесе оның бөлшектері

кездесетін археологиялық жерлеу ескерткіштері Бірлік II, Ақсайман, Ұлыбай, Бестамақ, Халвай, Аяпберген, Балықты, Бозінген, Бұғылы, Майтан, Нұртай.

Ерте темір дәуірімен мерзімделетін жылқы қосып жерлеу ескерткіштеріне Берел, Катон, Зевакино Қызылту, Жартас, Баты, Юпитер, Славянка, Убадермет, Қарашат Тасмола I, V, Қанаттас, Қарамұрын, Нұрмамбет, Алакөл IV, Оңғаш, Басқан тәрізді ескерткіштер жатады.

Ортағасырлық археологиялық деректер қатарына Зевакино, Боброво Қарақаба, Ақтерек, Бұтақты және тағыда басқа қорымдарынан алынған материалдар жатады.

2. Археологиялық деректердің екінші тобы петроглиф кешендерінен тұрады. Олар Теректіәулие, Баянжүрек, Сауысқандық, Күршім және тағыда басқалары жатады.

Жұмыстағы деректердің екінші түрін жазба деректер құрайды. Оларды жарияланғандар және мұрағат қорындағы деп екіге жіктейміз:

а) жарияланған жазба деректер қорына ежелгі кезең бойынша үнді мәдениетінің Ригведа жырлары, антикалық және қытай деректері. Ортағасырлық жазба деректердің қатарын Н.Я. Бичуриннің еңбегі, Әл-Джахиздің, Ибн-Фадланның, Киракос Гандзакецидің, Пано Карпинидің, Винсент де Бовенің және т.б. мәліметтері құрайды;

ә) екінші топты мұрағат қораларындағы археологиялық зерттеу жұмыстары жайында жазылған есептер, соның ішінде Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының қорында сақтаулы Қазақстанның түкпір-түкпірінде жүргізілген археологиялық экспедициялардың есептері және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың археология, этнология және музеология кафедрасының зерттеушілерінің археологиялық қазба материалдары құрайды.

Диссертациялық жұмыстың зерттелу деңгейі. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы бойынша арнайы түрде үлкен еңбек жазылмаса да, аталған тақырып зерттеушілердің назарынан тыс қалмағаны анық. Негізінен алғанда тақырыптың тарихнамасын археологиялық және этнографиялық зерттеулер деп екі түрге бөле аламыз.

Археологиялық зерттеулердің өзін тақырыптың хронологиясына орай бірнеше топқа жіктеуге болады. Мәселен, қазақ даласындағы алғашқы бақташылар мен салтаттылар мәселесі бойынша А.А. Формозов, В.Ф. Зайберт, С.С. Калиева, В.Н. Логвин және т.б. зерттеушілердің еңбектерін атап өте аламыз. Осы тақырып аясында зерттеу жүргізген шет елдік ғалымдар қатарына А. Оутрам, М.Левин, Д. Браун, Д. Энтони, Н. Бенеке, А. фон Дриш, С.Олсен және тағыда басқа еңбектер жатады.

Қола дәуірінің жерлеу кешендеріндегі жылқы мәселесі А.В. Логвиннің, В.Н. Логвиннің, И.В. Шевнинаның, Г.Б. Здановичтің, Е.Е. Кузьминаның және тағыда басқалардың еңбектерінде, ал петроглифтердегі жылқы бейнесі З.Самашевтың, А.Н. Марьяшевтың, В.А. Новоженовтың және тағыда басқа ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан.

Ежелгі көшпелілер заманындағы жылқыға қатысты сипаттамалар мен кейбір тұжырымдар С.И. Руденконың, М.П. Грязновтың, В.Д. Кубаревтың, Е.Е.

Кузьминаның, А.М. Беленицкийдің және т.б. авторлардың еңбектерінде берілген.

Қарастырылып отырған тақырыптың ортағасырлық ескерткіштердегі көрінісі С.П. Нестеровтың, Г.В. Кубаревтың, Д.Г. Савиновтың және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Диссертациялық тақырып бойынша этнографиялық зерттеулердің шеңбері өте кең. Қазақ халқының әдет-ғұрыптарындағы жылқы тақырыбы Ә.Т. Төлеубаевтың, А.У. Тоқтабайдың, С.Е. Әжіғалидің еңбектерінде жақсы талданған. Түркі-моңғол халықтарының этнографиясындағы жылқы тақырыбы кейбір қырлары В.Е. Васильевтің, А.И. Гоголевтің, А.К. Салминнің, О. Гундогдыевтың, В.Ф. Яковлевтың, В.Д. Славнинның, Т.А. Бертагаевтың және тағыда басқа авторлардың зерттеулерінде сипатталған.

Диссертациялық жұмысты жазу барысында қолданылған әдістер мен әдіснама. Зерттеудің әдістемелік және теориялық негізіне объективтіліктің, кешенді зерттеу тәсілдерінің, зерттеу пәнін жақ-жақты қарастыру сияқты жалпытарихи әдістер жатады. Зерттеуде жинақтау, талдау, сонымен қатар тарихи-жүйелілік, хронологиялық және басқа да әмбебап әдістер қолданылды.

Типологиялық әдіс екі нұсқада қолданылды. Формалды-типология археологиялық деректерді реттеу кезеңінде қолданылса, ал салыстырмалы-типология ғылыми дәлелдерді түсіндіру сатысында пайдаланылды. Сонымен қатар отандық және шет елдік ғалымдарының ой-тұжырымдары мен пікірлері бағыт-бағдарлық, теориялық және методологиялық негіз ретінде қолданылып, қажетті тұстарда кеңінен пайдаланылады. Сонымен бірге диссертациялық жұмыстың территориялық шеңберінің ауқымды екендігін ескере отырып аудандастыру әдісі қолданылды. Бұл әдіс ежелгі жұрттардың рухани мәдениеті аймақтар бойынша ерекшеленетіндігін көрсетіп берді.

Этноархеологиялық әдіс археологияға қатысты, бірақ қазба материалдарына жатпайтын мәліметтерді жинақтау арқылы археологиялық деректің кеңістігін кеңейту үшін қолданылды. Этноархеологиялық мағлұматтар деректі түсіндірудің мүмкіндіктерін жоғарлататын идеялар мен тәсілдердің қайнаркөзі болып табылады. Біздің жағдайда этноархеологиялық мәліметтер тақырыпқа қатысты ежелгі үндіеуропалық деректерді жаңғыртуда және кейінгі түркі-моңғол халықтарының дәстүрлерін сараптауда пайдаланылды.

Жартас бетіндегі туындыларды зерттеу барысында формальді-стилдік талдау әдіс қолданылып, ол арқылы ескерткіштерді зерттеудегі иконографиялық, тарихи-мәдени және тарихи-археологиялық мәліметтер сараланды.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы:

– Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық жұрттарының әдет-ғұрыптарындағы жылқымен бйланысты материалдар алғашқы рет ғылыми айналымға енгізілуде. Кеңес дәуіріндегі және кейінгі онжылдықтағы археологиялық зерттеулердің жарияланбаған ғылыми есептері сарапталды және негізге алынды;

– осы күнге дейін жинақталған мәліметтерді қорыту, жүйелеу және зерттеу негізінде жылқымен қатысты әдет-ғұрыптардың зерттелу тарихы мен

тарихнамасы тиянақты қарастырылды. Аталмыш материалдардың мысалынд, ежелгі дәуірден кейінгі ортағасырларға дейінгі Қазақстан халқындағы жылқымен байланысты таным-түсініктің қалыптасуы мен даму үдерісінің жаңғыртпасы жасалды;

– автордың жеке қатысуы барысында Шілікті жазығындағы жерлеу ескерткіштерінен және де Тарбағатайдағы жартас сурет өнері кешендерінен алынған жеке суреттер ғылыми айналымға енгізілді. Осы мағлұматтардың негізінде құлажорға мәдениетінің шекарасы кеңейтілді, және де қола және ерте темір дәуірлеріндегі петроглифтерде сомдалған жекелеген желілердің жаңаша түсіндірмесі ұсынылды;

– жылқы және оның жеке бөліктерінің жерлеу ғұрыптарында көрініс табуы түрлі кезеңге жататын және еліміздің әр аймақтарындағы археологиялық ескерткіштер бойынша сипатталды. Қола, ерте темір және ортағасырлық дәуірлерге тән жылқы немесе оның бөліктерін жерлеудің белгілері анықталды, сол арқылы бұл ғұрыптың өзгеруінің басты факторлары нақтыланды.

– жылқының жартас сурет өнеріндегі бейнесін талдау барысында олардың әртүрлі семантикалық және иконографиялық желілер мен сарындарда кескінделгендіктері анықталды. Қола дәуірі петроглифтерінің ерекше қатарындағы жылқы бейнелерін, сол дәуірдің әлем ағашы түбіндегі, «сейма-турба» мәнеріндегі, денелері сызылып тасталған және тағыда басқа осы сияқты жылқы қағидалары бар кескіндер құрайды. Ерте темір дәуірінің суреттерінде зооморфтық таңбасы үндіарийлік бастаумен қиылысатын мүйізді бетперде киген жылқылардың бейнелері кездеседі. Ерте ортағасырлар өнері, әскери атрибуттары мен басқа да керек-жарақтары нақты көрсетілген атты жауынгер бейнесінің тұрақтылығымен сипатталады.

– қордаланған деректерді кешенді зерттеу және сараптау негізінде олардың түсіндірмесі ұсынылды, жылқымен байланысты түрлі әдет-ғұрыптар тіркелген археологиялық ескерткіштердің хронологиялық типологиясы жасалды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– археологиялық деректердің негізінде қазақ даласы жылқыны қолға үйреткен орталықтардың бірі ғана емес, сонымен қатар жылқыға қатысты діни-мифологиялық қағидалардың қалыптасқан территориясы екендігі дәлелденді;

– жерлеу ескерткіштерінен алынған деректер қола дәуірі тұрғындарының жерлеу ғұрыпында жылқыны немесе оның бөліктерін қосып жерлеу дәстүрінің ерекше элементтерінің қалыптасқандығын көрсетеді. Бұл әсіресе, Халвай, Бозінген, Аяпберген, Бестамақ, Ақсайман және басқа ескерткіштерде анық байқалады. Аталған ескерткіштердің жерлеу-еске алу ғұрыптары нақты бір жазба және бейнелеу мәтіндерінде көрініс таба отырып, мифтік-ритуалдық кешенмен үйлеседі;

– жерлеу ескерткіштерінен алынған археологиялық материалдар ерте көшпелілердің жылқымен байланысты әдет-ғұрыптарын кеңінен жаңғыртуға мүмкіндік берді. Нақтырақ айтқанда, ерте темір дәуірі жұрттарының жерлеу-еске алу ғұрыпындағы жылқының рөлін хронологиялық және аймақтық

шеңберде сипаттадық. Алакөл қазаншұңқырындағы ерте көшпелілерде өлікке жылқы арнау ғұрпының болғандығы ғылыми тұрғыдан дәлелденді.

– археологиялық мәліметтердің негізінде жылқы қосып жерлеу рәсімі кездесетін ежелгі түркілердің жерлеу ескерткіштері зерттелді және сарапталды. Бұл материалдар Қазақстанның ортағасырлық көшпелілерінің менталитетін жаңғыртуға шынайы негіз болады.

– ежелгі және ортағасырлық авторлардың жазба деректері, сонымен бірге жартас сурет өнері материалдары жерлеу ғұрпын талдаудың нәтижелерін нақтылайтындығы анықталды;

– қазақ даласындағы ежелгі көшпелілерден бастап кейінгі қазақ халқына дейінгі жылқымен байланысты әдет-ғұрыптардың сабақтастық тұрғысынан үзілмей жеткендігі, яғни мәденигенез үдерісінің ғасырлар бойы бір тарихи кезеңнен екіншісіне өтіп отырғандығы тұжырымдалды.

Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыстың мәліметтері мен нәтижелері Қазақстанның көне тарихы мен археологиясына қатысты жалпылама жұмыстар мен теориялық ізденістер барысында, ЖОО жалпы және арнайы оқу бағдарламаларын дайындауда, дүниетанымдық бағыттағы ғылыми-танымдық баспаларда қолданылуы мүмкін. Диссертациялық жұмысқа қатысты далалық ізденістер барысында ашылған жаңа ескерткіштер әр өңірдің тарихи-мәдени ескерткіштері тізіміне енгізуге ұсынылған.

Жұмыстың жариялануы мен сыннан өтуі. Негізгі нәтижелер мен қорытындылар 13 мақалада жарияланды. Олардың ішінде 5 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен бекітілген тізімге енген басылымдарда, 7 мақала халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинақтарында және 1 мақала «Scopus» ақпараттық базасына кіретін журналда жариялады.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Диссертация кіріспеден бөлек, төрт тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.